

Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы («ҚазТрансОйл» АҚ)

1. Қоғамның атауы және оның орналасқан жері

- мемлекеттік тілдегі толық атауы – «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы, қысқаша – «ҚазТрансОйл» АҚ;
- орыс тіліндегі толық атауы – акционерное общество «КазТрансОйл», қысқаша – АО «КазТрансОйл»;
- заңды және нақты мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19-үй.

1-1. Қоғамның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәлімет

- 2004 жылғы 31 мамырдағы №6636-1901-АО заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік. Мемлекеттік қайта тіркеуді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Астана қалалық әділет департаменті жүргізген.

2. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу (жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстыру) күні

- бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік 2011 жылғы 23 мамырда ауыстырылды. Акциялар шығарылымы бағалы қағаздар мемлекеттік тізіліміне А2995 нөмірмен енгізілген.

3. Қаржы есептілігіне сай қоғамның жарғылық және меншік қоры туралы мәлімет

- жарғылық қор мөлшері – 34 617 204 мың теңгені құрайды;
- меншік қор мөлшері – 351 248 227 мың теңгені құрайды.

4. Инвесторлардың шектелмеген аясы ортасында акциялардың орналастырылғаны туралы хабарды қоғам орналастырған бұқаралық ақпарат құралының атауы, осы хабардың күні көрсетіліп

- 1 701 149 жай акция Жалғыз акционерге орналастырылды, соған байланысты акцияларды орналастыру туралы хабар жарияланған жоқ.

4-1. Қоғамның жарғысымен көзделген тәсілдердің бірімен акционерлердің қоғам акцияларын сатып алу басым құқығына сәйкес қоғамның орналастырылатын акцияларды сатып алу ұсынысын олардың назарына жеткізгені туралы ақпарат

1) жеке жазбаша хабарлама жолдау арқылы, хабарлама жолданған күнді көрсетіп

- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың Жалғыз акционер атына 2011 жылғы 2 маусымдағы №25-06/3567 хаты;

2) көрсетілген ұсынысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы, бұқаралық ақпарат құралдарының атауын және жариялану күнін көрсетіп

- жарияланған жоқ.

5. Акциялар туралы мәліметтер:

- ##### **1) жарияланған акциялардың жалпы саны, соның ішінде:**
- жай акциялар – 34 617 204;

артықшылықты акциялар – жоқ.

2) артықшылықты акциялар бойынша дивиденттің кепілді мөлшері

- артықшылықты акциялар шығару Жарғымен көзделмеген;

3) егер акцияларды айырбастау жүзеге асырылған жағдайда, онда айырбастау тәртібін және айырбасталатын акциялар санын көрсету қажет

- акцияларды айырбастау болған жоқ.

6. Аукциондар немесе жазылу шарттары мен тәртібі туралы қоғамның ішкі құжатының қабылданған және бекітілген күні туралы мәлімет

- аукциондар немесе жазылу шарттары мен тәртібі туралы қоғамның ішкі құжаты қабылданған жоқ.

7. Егер қоғамның акциялары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген жағдайда, онда олардың енгізілген күнін көрсету қажет

- акциялар қор биржасының тізіміне енгізілмеген.

8. Акцияларды орналастыру туралы мәліметтер:

1) акцияларды орналастыру есепті кезеңінің басталу күні және акцияларды орналастыру есепті кезеңінің аяқталу күні

- акцияларды орналастыру есепті кезеңінің басталу күні – 2011 жылғы 23 мамыр және акцияларды орналастыру есепті кезеңінің аяқталу күні – 2011 жылғы 22 маусым;

2) алдыңғы есепті (есептерді) бекіту күні, орналастыру кезеңін, орналастырылған акциялар санын және акцияларды орналастыру әрбір алдыңғы есепті кезеңі үшін оларды төлеу сомасын бөлек, сондай-ақ орналастырылмаған акциялар туралы ақпараттың назарға алынған күнін көрсетіп

- 1998 жылғы 1 маусым. Орналастыру кезеңі: 1997 жылғы 30 желтоқсан – 1997 жылғы 30 желтоқсан. Орналастырылған акциялар саны – 19 202 862 жай акция, төлем сомасы – 19 202 862 000 теңге;

- 1999 жылғы 25 наурыз. Орналастыру кезеңі: 1998 жылғы 24 шілде – 1998 жылғы 30 қыркүйек. Орналастырылған акциялар саны – 140 352 жай акция, төлем сомасы – 140 352 000 теңге;

- 1999 жылғы 20 желтоқсан. Орналастыру кезеңі: 1999 жылғы 30 қыркүйек – 1999 жылғы 30 қыркүйек. Орналастырылған акциялар саны – 62 857 жай акция, төлем сомасы – 62 857 000 теңге;

- 2001 жылғы 26 қантар. Орналастыру кезеңі: 2000 жылғы 14 қараша – 2000 жылғы 1 желтоқсан. Орналастырылған акциялар саны – 19 138 жай акция, төлем сомасы – 19 138 000 теңге; Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 2001 жылғы 5 маусымда шығарылған (төленген) жарғылық қордың кемуіне байланысты қоғамның төртінші эмиссиясын жойды (маусымда шығарылған (төленген) жарғылық қордың кемуіне байланысты қоғамның төртінші эмиссиясын жойды (Акциялар эмиссиясын жою туралы 2001 жылғы 5 маусымдағы №А2995-3 куәлік);

- 2001 жылғы 26 маусым. Орналастыру кезеңі: 2001 жылғы 12 наурыз – 2001 жылғы 1 сәуір. Орналастырылған акциялар саны – 13 478 504 жай акция, төлем сомасы – 13 478 504 000 теңге;

- 2005 жылғы 18 қантар. Орналастыру кезеңі: 2004 жылғы 13 қыркүйек – 2004 жылғы 8 қараша. Орналастырылған акциялар саны – 31 480 жай акция, төлем сомасы – 31 480 000 теңге;

3) қоғам директорлар кеңесінің есепті кезеңде орналастырылатын акциялар санын және олардың орналастыру бағасын белгілеу туралы шешім қабылдаған күні («Қазақстан Республикасындағы банктер және банк

қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 17-2-бабы негізінде жарияланған акциялар санын көбейткен жағдайларды қоспағанда)

- орналастырылатын акциялар санын және олардың орналастыру бағасы туралы шешімді жалғыз акционер 2011 жылғы 5 наурызда қабылдады («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының №37 хаттамасы);

3-1) Банктер туралы Заңның 17-2-бабы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің банктің жарияланған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдаған күні

- қабылданбайды;

4) есепті кезеңде орналастырылған және орналастырылмаған акциялар саны түрлері бойынша бөліністе

- 1 701 149 (бір миллион жеті жүз бір мың бір жүз қырық тоғыз) жай акция 1 000 теңге бағамен жалғыз акционерге орналастырылды; ұйымдастырылған нарықта сату жүргізілген жоқ;

5) есепті кезеңнің аяқталу күніне қоғамның бастамашылығымен және/немесе акционерлердің талабы бойынша сатып алынған акциялар саны, бір жай акцияны және артықшылықты акцияны сатып алу бағасын, акцияларды сатып алу туралы шешімнің қабылданған күнін, сондай-ақ орналастырылған акцияларды (сатып алудың әр түрі бойынша бөлек) сатып алуға қоғам жұмсаған шығыстарды көрсетіп

- жоқ.

Қоғам акцияларды сатып алуы кезінде акционерлердің жалпы жиналысының немесе құрылтай жиналысының олардың бағасын айқындау әдістемесі.

«ҚазТрансОйл» АҚ акцияларды сатып алуы кезінде олардың бағасын айқындау әдістемесі Жалғыз акционердің 2007 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен бекітілген («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі отырысының №14/2007 хаттамасы).

9. Акцияларды орналастыру кезеңінде акцияларды орналастыру (өткізу) тәсілдері:

1) ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған нарықтарда жазылу арқылы:

құрылтайшылар арасында (жаңадан құрылған қоғамдар үшін), акциялар түрін, санын, акциялардың атаулы құнын және төлем сомасын көрсетіп

- құрылтайшылар арасында орналастырылған жоқ;

туынды бағалы қағаздарды шет мемлекеттер аумағында орналастыру арқылы (туынды бағалы қағаздар атауын, туындалған бағалы қағаздарды орналастыру арқылы орналастырылған акциялар санын, Қазақстан Республикасының, мемлекеттің заңнамасына сәйкес туынды бағалы қағаздарды орналастыру жүзеге асырылған мемлекеттер бағалы қағаздар нарығында сатып алуға ұсынылған акциялар санын көрсетіп)

- туынды бағалы қағаздарды шет мемлекеттер аумағында орналастыру арқылы акциялар орналастырылған жоқ;

басым сатып алу құқығымен, акциялар түрін, санын, орналастыру бағасын және төлем сомасын көрсетіп

- акциялар Жалғыз акционерге басым сатып алу құқығымен 1 701 149 (бір миллион жеті жүз бір мың бір жүз қырық тоғыз) жай акция санында орналастыру бағасы 1 000 теңгемен 1 701 149 000 (бір миллиард жеті жүз бір миллион бір жүз қырық тоғыз мың) теңгеге орналастырылды;

талаптарды тіркеу арқылы эмитент кредиторлары арасында акциялардың түрін, санын, орналастыру бағасы мен төлем сомасын көрсете отырып;

- қабылданбайды;

өзге инвесторлар арасында орналастыру арқылы акциялардың түрін, санын, орналастыру бағасы мен төлем сомасын көрсете отырып;

- қабылданбайды;

2) аукцион арқылы:

ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында, акциялардың түрін, санын, төлемнің жалпы сомасын, бірінші және соңғы саудаластық күндерін, есепті кезеңдегі саудаластықта бір акцияны орналастырудың ең жоғары және ең төмен бағасын, есепті кезеңдегі бір жай және артықшылықты акцияның нарықтық құнын (егер есептелген жағдайда) көрсете отырып

- акциялар ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастырылған жоқ;

ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында, аукционды өткізу күнін, акциялар түрі мен санын және төлемнің жалпы сомасын көрсете отырып

- акциялар ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында орналастырылған жоқ.

10. Саны мен төлем сомасын көрсете отырып, акцияларды төлеу тәсілі:

1) ақшалай (құрылтайшылардың (инвесторлардың) акцияларды төлеуін, төлем сомасын және төлеушінің атауын растайтын төлем құжаттың (төлем құжаттарының) деректемелерін көрсету)

- жоқ;

2) бағалы қағаздармен (бағалы қағаздар эмитентінің атауын, оның мекенжайын, бағалы қағаздардың ұлттық сәйкестендіру нөмірін, оның мекенжайын, бағалы қағаздардың ұлттық сәйкестендіру нөмірін және олардың көлемін, бағалау актісін кім дайындағанын, оның құрастыру күнін және бағалау сомасын көрсету)

- жоқ;

3) зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықпен (зияткерлік меншікті бағалау актісін кім дайындағанын, оны жасау күнін, бағалау сомасын, зияткерлік меншікті қабылдау-тапсыру актісі туралы мәліметті көрсету)

- жоқ;

4) кредитор алдындағы берешекті өтеу шарты бойынша (кредитордың қай органы акцияларды төлеу есебінен берешекті өтеу туралы шешімді қабылдағанын және мұндай шешімді қабылдау күнін, берешекті салыстыру актісінің деректемелерін, талап ету құқығын бағалау актісін кім дайындағанын, оны жасау күнін, бағалаудың сомасын көрсету)

- жоқ;

5) қоғамның таза кірісті бөлу есебінен (акционерлер жиналысының онда сәйкес шешім қабылдаған күнін, акцияларды төлеуге бағытталған кіріс сомасын, бюджетке төленген салық сомасын көрсету)

- жоқ;

6) басқа мүліктік құқықтармен (бағалау актісін кім дайындағанын, оны жасау күнін, бағалау сомасын, мүлікті қабылдау-тапсыру актісін көрсету);

- Туймазы – Омбы – Новосибирск 2 (ТОН-2) мұнай құбырының қазақстандық учаскесінің ілеспелі инфрақұрылымның нысандары мен «Жекешелендіру және инвестициялар жөніндегі бюро» ЖШС-ның 2010 жылғы 31 желтоқсандағы №756 есебіне, 2011 жылғы 3 маусымдағы қабылдау-тапсыру

актісіне сәйкес 1 701 149 000 теңге сомасындағы инфрақұрылымның осы нысандарды орналастыру үшін бөлінген жер телімдерін қоса алғандағы мүлкі.

7) өзге тәсілмен

-жоқ.

10-1. Қоғамның акцияларын шығару андеррайтері (эмиссиялық консорциумы) туралы ақпарат. Бұл тармақта келесі ақпаратты көрсету қажет:

1) бағалы қағаздар нарығына мамандандырылған қатысушының атауы, қоғаммен жасасқан андеррайтер қызметтерін көрсету шартының күні мен нөмірі, сондай-ақ эмиссиялық консорциум қатысушылары туралы;

1-1) андеррайтердің акцияларды орналастыру тәсілі туралы;

2) андеррайтерлерге немесе басқа да орналастыру қатысушыларына төленген (төленуге жататын) және орналастырылған әрбір акция үшін комиссиялық сыйақылар, сондай-ақ шығындар туралы басқа да мәліметтер;

3) шығаруға, орналастыруға және листингке қосуға шығындардың негізгі санаттары туралы. Көрсетілген шығындарды эмитенттің өзі төлемеген жағдайда. Оларды төлейтін тұлғаны көрсету қажет;

4) есепті кезеңде андеррайтерді тартпағанда орналастырылған акциялардың саны және онан әрі орналастыру жоспарлары туралы;

- акцияларды орналастыруда андеррайтер қызметі тартылмады, өйткені акциялар басым сатып алу құқығы бойынша Жалғыз акционерге орналастырылды;

11. Опциондардың орындалу бағасы туралы мәліметтер.

- опциондар жасалған жоқ, акциялар басым сатып алу құқығы бойынша Жалғыз акционерге орналастырылды.

11-1. Акциялардың нарықтық және теңгерімдік құны тарихы туралы ақпарат.

Қоғам акциялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымда болған жағдайда, аяқталған соңғы үш жылдағы жылдар бойынша бөлінген, аяқталған соңғы екі жылдағы тоқсан бойынша бөлінген, акцияларды шығару анықтамалығының күнінен соңғы алты айдағы акциялардың ең жоғары және ең төмен нарық бағасы туралы мәліметтерді көрсету қажет.

- қоғам акциялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы айналымында жоқ.

Акцияның теңгерімдік құнының тарихы туралы ақпарат аяқталған соңғы үш жылдағы жылдар бойынша бөлінген, аяқталған соңғы екі жылдағы тоқсан бойынша бөлінген, акцияларды орналастыруды аяқтау күнінен (айдың 1 күніне) акциялардың теңгерімдік құны туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

Акциялардың теңгерімдік құны тарихы туралы ақпаратты қосып отырмыз:

№	Кезең	Акцияның теңгерімдік құны, теңгемен
1	2008 жыл	6 604,02
2	2009 жыл	7 174,11
3	2009 жылдың 1 тоқсаны	6 723,90
4	2009 жылдың 2 тоқсаны	6 843,64
5	2009 жылдың 3 тоқсаны	7 143,39
6	2009 жылдың 4 тоқсаны	7 174,11
7	2010 жыл	9 948,32
8	2010 жылдың 1 тоқсаны	7 535,21

9	2010 жылдың 2 тоқсаны	7 812,62
10	2010 жылдың 3 тоқсаны	7 964,32
11	2010 жылдың 4 тоқсаны	9 948,32
12	2011 жылғы 1 қаңтар	9 948,32
13	2011 жылғы 1 ақпан	10 062,31
14	2011 жылғы 1 наурыз	10 154,68
15	2011 жылғы 1 сәуір	10 251,71
16	2011 жылғы 1 мамыр	10 329,97
17	2011 жылғы 1 маусым	10 492,19

12. Дивидендтерді төлеу туралы мәліметтер:

1) Аяқталған қаржылық жыл қорытындысы бойынша жай және артықшылықты акциялар (есептелген және бюджетке төленген салық сомасы) бойынша есептелген және төленген дивидендтер сомасы көрсетілген, дивидендтердің төлемі жүзеге асырылған акционерлер саны көрсетілген соңғы дивидендтерді төлеу күні, сәйкес шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы деректемелеріне сілтеу жасап.

- Жалғыз акционер шешімі болып табылатын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2011 жылғы 8 шілдедегі отырысының №102 хаттамасы негізінде 2010 жыл қорытындысы бойынша қоғамның жай акциялары бойынша жалпы сомасы 19 330 797 600 теңге (салық ұсталған жоқ) дивидендтер есептелді және Жалғыз акционерге төленді.

1-1) бұқаралық ақпарат құралдарының атауы, қоғамның дивидендтерді төлеу туралы хабарламаны орналастыруға мүмкіндік берген мұндай хабарламаны жариялау күнін көрсете отырып

- 2011 жылғы 20 шілдедегі «Казахстанская правда» газеті;

- 2011 жылғы 20 шілдедегі «Егемен Қазақстан» газеті.

2) аяқталған қаржылық жыл қорытындысы бойынша жай және артықшылықты акцияларға есептелген және төленген дивидендтер мөлшері, сондай-ақ жай және артықшылықты акцияларға таза табыс мөлшері

- 2010 жыл қорытындысы бойынша бір жай акцияға есептелген дивидендтер мөлшері 558,42 теңгені құрады;

- бір жай акцияның таза табыс мөлшері 879,55 теңгені құрады.

3) дивидендтерді уақытылы төлей алмау бойынша берешек бар болған жағдайда, оның пайда болу себептерін және акцияларды орналастыру кезеңінің аяқталу күніне берешек сомасын көрсету, акционерлер алдындағы берешекті өтеу бойынша қоғам қандай шараларды жүргізгенін көрсету.

- дивидендтерді уақытылы төлемеу бойынша берешек жағдайлары болған жоқ.

13. Қоғам тіркеушісі туралы мәлімет:

1) бағалы қағаздар ұстаушылары тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушінің атауы және орналасқан жері

- тіркеушінің толық атауы – «Қор орталығы» акционерлік қоғамы, қысқаша - «Қор орталығы» АҚ. Бағалы қағаздар ұстаушылары тізілімін жүргізу бойынша қызметті іске асыруға №0406200253 лицензияны 2003 жылғы 16 мамырда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берді.

- орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 79 «А» үй, байланыс телефондары (7272) 50 89 60.

2) акция ұстаушылары тізілімін жүргізу туралы шарттың күні және нөмірі

1999 жылғы 2 тамыздағы №US349/99 тізілім жүргізу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт.

14. Акцияларды орналастыру кезеңі аяқталған күніне ірі акционерлер туралы мәлімет.

Бұл мәліметтер тіркеуші сол күні берген есептің ажырамас бөлігі болып табылатын анықтама негізінде толтырылады.

Акционерлер заңды тұлғалардың толық атауы немесе жеке тұлға акционерлердің тегі, аты бар болған жағдайда әкесінің аты	Акционер-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың атауы және деректемесі немесе акционер-заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) күні мен нөмірі және оның орналасқан жері	Акционерге тиесілі акциялардың жалпы саны, акция түрін көрсете отырып	Акционерге тиесілі акциялардың орналастырылған акциялардың жалпы санына пайыздық ара қатынасы	Акционерге тиесілі акциялардың дауыс беретін акциялардың жалпы санына пайыздық ара қатынасы
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы	Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19, 2004 жылғы 16 наурыздағы мемлекеттік тіркеу номері 11425-1901-АҚ	34 617 204 жай акциялар	100%	100%

15. Орталық депозитарийдің есеп жүйесінде акцияларды орналастыру кезеңі аяқталған күніне қоғамның орналастырылған акциялардың он және одан көп пайызға ие (қоғам сатып алған акцияларды шегергенде) акциялары атаулы ұстаудағы акционерлер туралы мәлімет болмаған жағдайда, атаулы ұстаушылар атауы мен олардың атаулы ұстауындағы қоғам акциялар саны туралы мәлімет.

- 34 617 204 жай акция санындағы акция «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ атаулы ұстауында жатыр.

Бас директор
(Басқарма төрағасы)

Бас бухгалтер
міндетін атқарушы



Н. Сұлтан

А. Ахмедина